

**Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ
ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ
ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ**

ЖОБА

**«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ПЕДАГОГЫНЫҢ КӘСІБИ
РЕФЛЕКСИЯСЫ МЕН ЭМОЦИОНАЛЬДЫ КҮЙЗЕЛІСТІҢ АЛДЫН АЛУ»
тақырыбындағы біліктілікті арттыру курсының
білім беру бағдарламасы**

Ақтау 2026 ж.

Бағдарлама авторлары:

Жангозиева Манет Салықбаевна – Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, «Жалпы педагогика» кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі

Жарылгасова Перуза Есенғалиевна – Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, «Жалпы педагогика» кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі

Бағдарлама:

- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарын;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің талаптарын ескере отырып әзірленген.

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер.....	4
2. Глоссарий.....	5
3. Бағдарлама тақырыбы.....	7
4. Бағдарламаның мақсаты, міндеті және күтілетін нәтижелері.....	9
5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны.....	10
6. Оқу процесін ұйымдастыру.....	17
7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету.....	19
8. Оқыту нәтижелерін бағалау.....	20
9. Курстан кейінгі қолдау.....	23
10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі.....	26

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Қазіргі кезеңде мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері кәсіби қызмет барысында жоғары эмоционалдық жүктемемен, көпқырлы әлеуметтік рөлдермен және нормативтік талаптардың күрделенуімен бетпе-бет келуде. Ерте жастағы балалармен жұмыс жасау педагогтен үздіксіз эмоциялық қатысуды, өзін-өзі бақылауды және жоғары жауапкершілікті талап етеді.

Мектепке дейінгі ұйым педагогінің кәсіби қызметінің ерекшелігі – білім беру, тәрбиелеу, дамыту, қорғау және қолдау функцияларының бір мезгілде жүзеге асырылуы. Бұл жағдай эмоциялық қажудың пайда болуына алғышарттар қалыптастырады және педагогтің кәсіби тиімділігі мен психологиялық саулығына тікелей әсер етеді.

Бұл курс мектепке дейінгі ұйым педагогтарының кәсіби қызметтегі рефлексия дағдыларын дамытуға, эмоционалдық күйзеліс деңгейін төмендетуге және кәсіби әл-ауқатын қолдауға бағытталған. Қазіргі мектепке дейінгі білім беру жағдайында педагог эмоционалдық тұрақтылықты, өзін-өзі басқару қабілетін, кәсіби құзыреттілікті және психологиялық сауаттылықты қажет ететін күрделі міндеттерді атқарады. Сондай-ақ балалармен, ата-аналармен және әріптестермен көпқырлы қарым-қатынас педагогтың психоэмоционалдық ресурстарын айтарлықтай жұмсайды.

Курстағы практикалық сабақтар мен өзіндік жұмыстарда кәсіби жағдаяттарды талдау, проблемалық тапсырмалар мен рефлексивтік міндеттер жүйелі түрде пайдаланылады.

Курс педагогтардың өзін-өзі тануы, кәсіби әрекетін талдауы (рефлексия), күйзелісті басқару дағдыларын меңгеруі, эмоционалдық жүктемені реттеу тәсілдерін игеруі және кәсіби жанудың алдын алуына мүмкіндік береді.

Бағдарламаны әзірлеудің өзектілігі мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби рефлексиясы жеткіліксіздігіне және қызмет барысында эмоциональды күйзеліске түсу мәселелерінің көптеп етек жаюына байланысты болып отыр. Бұл мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби рефлексиясы мен эмоциональды күйзелістің алдын алуын жетілдіру мақсатында мамандардың біліктілігін арттыру қажеттілігін анықтайды.

Бағдарламада мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби рефлексиясын дамыту үшін және эмоциональды күйзелістің алдын алу жолдарын меңгерту мақсаты көзделген.

Сонымен бағдарлама төмендегі Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкестендіре отырып құрастырылған:

Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарының педагог қызметкерлеріне арналған. Бағдарлама Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175

«Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес әзірленді.

Сонымен қатар, білім беру бағдарламасын әзірлеу кезінде келесі нормативтік-құқықтық актілер мен әдістемелік құжаттар ескерілді:

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы;

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытудың моделін бекіту туралы» қаулысы;

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 «Қазақстан Республикасының 2023–2029 жылдарға арналған мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы» қаулысы;

4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығы;

5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығы;

6. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 «Мектепке дейінгі тәрбиелеу, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» бұйрығы;

7. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» бұйрығы;

8. Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ЗРК «Педагогтің мәртебесі туралы» Заңы.

2. ГЛОССАРИЙ

Адаптация	педагогтың жұмыс ортасына, жаңа талаптар мен кәсіби міндеттерге бейімделу процесі.
Аффект	қысқа уақытқа созылатын, өте күшті эмоционалдық реакция
кәсіби күйзеліс	ұзақ мерзімді эмоционалды жүктемеден туындайтын шаршау, қызығушылықтың төмендеуі және кәсіби тиімділіктің азаюы.

Диагностика (эмоционалды жағдай)	педагогтың эмоционалды фоны, күйзеліс деңгейі және психологиялық саулығын анықтауға бағытталған әдістер жиынтығы.
Эмпатия	басқа адамның эмоционалды күйін түсініп, сезіне алу қабілеті.
Эмоционалды тұрақтылық	қиын жағдайларда да эмоцияны бақылау және өзін реттей алу қабілеті.
Жеке рефлексия	педагогтың өз әрекеттерін, сезімдерін, шешімдерін талдап, қорытынды жасауы.
Кәсіби рефлексия	педагогтың кәсіби тәжірибесіне талдау жасап, әдістемесін бағалау және жетілдіруі.
Кәсіби құзыреттілік	мектепке дейінгі педагогтың білім, дағды, қарым-қатынас және жеке қасиеттерінің интеграцияланған жиынтығы.
Когнитивтік ресурстар	педагогтың ойлау, есте сақтау, зейін сияқты ақыл-ой мүмкіндіктері.
Копинг-стратегиялар	күрделі немесе күйзелісті жағдайлармен тиімді күресу тәсілдері.
Мотивациялық күйзеліс	жұмысқа деген ынтаның төмендеуімен сипатталатын эмоционалды қажу.
Өзін-өзі реттеу	эмоцияларды, мінез-құлықты, ойды саналы түрде басқару қабілеті.
Өзін-өзі қолдау	педагогтың өзіне сенім беру, өзін қолдаушы позитивті ішкі ұстаным қалыптастыруы.
Психологиялық саулық	эмоционалды, әлеуметтік және когнитивтік денсаулықты қамтитын психикалық амандық жағдайы.
Психологиялық гигиена	эмоционалды күйзелістердің алдын алуға бағытталған күнделікті дағдылар (ұйқы режимі, жүктемені дұрыс бөлу, демалыс).
Рефлексиялық күнделік	педагогтың кәсіби тәжірибесін, сезімдерін, жетістіктері мен қиындықтарын жүйелі жазып отыру құралы.
Стресс-менеджмент	стрессті бақылау және азайту әдістері мен практикалары.
Супервизия	мамандар арасында тәжірибе талқылау, кәсіби қиындықтарды шешу және эмоционалды қолдау алу үрдісі.
Тұлғалық рефлексия	өз құндылықтарын, мотивтерін, сенімдерін талдау процесі.
Шиеленіс (стрессор)	күйзеліс реакциясын тудыратын ішкі немесе сыртқы фактор.

Эмоционалды интеллект	өз эмоциясын және басқалардың эмоциясын түсініп, оны тиімді басқара алу қабілеті.
Эмоционалды қажу	ұзақ уақыт эмоциялық жүктемеден кейінгі шаршау, әлсіздік күйі.

3. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ТАҚЫРЫБЫ

Қазіргі қоғамдағы білім беру жүйесінің дамуымен қатар мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына қойылатын талаптар да күрделене түсуде. Мектепке дейінгі ұйым педагогының кәсіби қызметі балалардың психикалық, эмоциялық және әлеуметтік дамуына тікелей ықпал ететін аса жауапты сала болып табылады. Осыған байланысты педагогтың кәсіби даярлығы, оның ішінде кәсіби рефлексия деңгейі мен эмоциялық күйзелістің алдын алу мәселесі бүгінгі таңда ерекше өзектілікке ие.

Мектепке дейінгі ұйым педагогтары күнделікті кәсіби қызмет барысында жоғары эмоционалдык жүктемеге, психологиялық қысымға және көпқырлы әлеуметтік жауапкершілікке тап болады. Балалармен, ата-аналармен және әріптестермен үздіксіз өзара әрекеттесу педагогтың эмоциялық ресурстарының сарқылуына әкелуі мүмкін. Бұл жағдай кәсіби күйзелістің, эмоциялық қажудың (burnout) және педагогтің кәсіби тиімділігінің төмендеуінің негізгі себептерінің бірі ретінде қарастырылады.

Сонымен қатар, мектепке дейінгі ұйым педагогтарының эмоциялық күйзеліс мәселесі тек педагогтың жеке кәсіби жағдайына ғана емес, сонымен бірге білім беру сапасына, балалардың психологиялық қауіпсіздігіне және олардың тұлғалық дамуына тікелей әсер етеді. Педагогтың эмоциялық тұрақсыздығы балалармен қарым-қатынастың бұзылуына, тәрбие мен оқыту үдерісінің сапасының төмендеуіне алып келуі мүмкін.

Осы тұрғыда кәсіби рефлексия педагогтың өзін-өзі тануының, кәсіби іс-әрекетін талдауының және эмоциялық күйін реттеуінің маңызды психологиялық тетігі ретінде қарастырылады. Кәсіби рефлексия педагогқа өз тәжірибесін саналы түрде бағалауға, күйзеліс көздерін анықтауға және оларды алдын алудың тиімді жолдарын табуға мүмкіндік береді. Алайда мектепке дейінгі ұйым педагогтарының кәсіби рефлексиясы мен эмоциялық күйзелістің алдын алу арасындағы өзара байланыс мәселесі отандық ғылыми зерттеулерде жеткілікті деңгейде жүйелі түрде қарастырылмаған.

Осыған байланысты «Мектепке дейінгі ұйым педагогының кәсіби рефлексиясы мен эмоциялық күйзелістің алдын алу» тақырыбы қазіргі білім беру кеңістігінің сұраныстарына, педагогтардың кәсіби денсаулығын сақтау қажеттілігіне және мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыру міндеттеріне толық сәйкес келеді.

Ұсынылып отырған зерттеу жұмысының жаңашылдығы келесі аспектілермен айқындалады:

Біріншіден, зерттеуде кәсіби рефлексия мектепке дейінгі ұйым педагогтарының эмоциялық күйзелісінің алдын алудың психологиялық шарты ретінде кешенді түрде қарастырылады. Бұл тұрғыда кәсіби рефлексия тек кәсіби дамудың құралы емес, педагогтың эмоциялық тұрақтылығын сақтаудың маңызды ресурсы ретінде негізделеді.

Екіншіден, мектепке дейінгі ұйым педагогтарының кәсіби рефлексиясы мен эмоциялық күйзеліс деңгейі арасындағы өзара байланыс эмпирикалық деректер негізінде анықталып, сандық және сапалық талдау арқылы дәлелденеді. Бұл аспект педагогикалық психологиядағы теориялық пайымдауларды нақты тәжірибелік мәліметтермен толықтырады.

Үшіншіден, зерттеу барысында мектепке дейінгі ұйым педагогтарының кәсіби рефлексиясын дамытуға бағытталған эмоциялық күйзелістің алдын алу моделін ұсыну көзделеді. Аталған модель педагогтардың кәсіби қызметін психологиялық сүйемелдеуде қолдануға болатын практикалық құрал ретінде сипатталады.

Төртіншіден, зерттеу нәтижелері негізінде мектепке дейінгі ұйым педагогтарына арналған әдістемелік ұсынымдар мен тренингтік бағдарлама элементтері әзірленеді. Бұл ұсыныстар педагогтардың кәсіби денсаулығын нығайтуға, эмоциялық қажудың алдын алуға және кәсіби тиімділікті арттыруға бағытталады.

Осылайша, зерттеу жұмысы теориялық тұрғыда кәсіби рефлексия ұғымын тереңдетіп қана қоймай, оны мектепке дейінгі ұйым педагогтарының эмоциялық күйзелісінің алдын алу контекстінде жаңа қырынан қарастыруымен ерекшеленеді. Бұл зерттеу педагогикалық психология ғылымының дамуына және мектепке дейінгі білім беру тәжірибесін жетілдіруге елеулі үлес қосады.

«Мектепке дейінгі ұйым педагогының кәсіби рефлексиясы мен эмоциональды күйзелістің алдын алу» білім беру бағдарламасының ҚР Білім беру жүйесінде баламасы жоқ және мектепке дейінгі ұйым педагогтері пәндік және әдістемелік құзыреттіліктерін жетілдіруге, сондай-ақ білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда жүзеге асырылатын танымдық міндеттерді қолдануға бағытталған.

2-кесте

Компоненттер, бағдарлама модульдері	Бағдарлама модульдерінің компоненттерін, тақырыптарын сипаттау
Диагностикалық тестілеу	3, 4-модульдің оқытылатын тақырыптары бойынша бастапқы деңгейін бағалау

Модуль 1. Мектепке дейінгі ұйым педагогінің кәсіби рефлексиясы	1.1 Мектепке дейінгі ұйым педагогінің кәсіби рефлексиясы: түсінігі мен түрлері 1.2 Мектепке дейінгі білім беру ұйымындағы нормативтік-құқықтық актілер және педагогтің кәсіби жауапкершілігі
Модуль 2. Мектепке дейінгі білім беру ұйымы педагогтерінің рефлексиялық дағдыларын дамыту әдістері	2.1. Мектепке дейінгі білім беру ұйымы педагогтерінің рефлексиялық күнделік жүргізуі 2.2. Кейс-стади және практикалық жағдайларды талдау (функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған танымдық міндеттер негізінде) 2.3. Коллегиалды талдау және пікір алмасу
Модуль 3. Мектепке дейінгі білім беру ұйымы педагогтерінің эмоционалды күйзелісінің психологиялық механизмдері	3.1. Эмоционалды күйзеліс ұғымы және себептері 3.2. Эмоциялық қажудың педагогикалық практикадағы көрінісі. 3.3. Мектепке дейінгі білім беру ұйымы педагогтерінің эмоционалды күйзелісінің когнитивтік, эмоциялық және мотивациялық механизмдері (танымдық міндеттер арқылы кәсіби жағдайларды талдау) 3.4. Әлеуметтік-психологиялық факторлар (қарым-қатынас, қолдау, оқшаулану)
Модуль 4. Мектепке дейінгі білім беру ұйым педагогтерінің эмоционалды күйзелісінің алдын алу жолдары	4.1. Мектепке дейінгі білім беру ұйым педагогтерінің эмоциялық қажу себептері 4.2. Мектепке дейінгі білім беру ұйым педагогтерінің стресске төзімділік дағдыларын дамыту 4.3. Копинг-стратегиялар (бейімделген және бейімделмеген түрлері)
Модуль 5. Мектепке дейінгі білім беру ұйымы педагогтерінің кәсіби әл-ауқатын қолдау	5.1. Мектепке дейінгі білім беру ұйымы педагогтерінің күйзеліске тұрақтылығын қалыптастыру жолдары. 5.2. Әріптестік ортадағы психологиялық қолдау 5.3. Кәсіби мотивацияны сақтау жолдары
Қорытынды тестілеу	3,4 модульдерді оқыту нәтижелерін бағалау

4. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕРІ

Бағдарламаның мақсаты – Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби рефлексия дағдыларын қалыптастыру, эмоционалды күйзелістің алдын алу және эмоционалды тұрақтылықты арттыру.

Бағдарламаның міндеттері:

1) Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби рефлексиясы және оның мектепке дейінгі ұйымдағы рөлін түсіндіру.

2) эмоциялық күйзеліс пен эмоциялық қажудың себептері мен механизмдерін танымдық тапсырмалар негізінде талдауға үйрету;

3) Педагогтың эмоционалды тұрақтылығын диагностикалау әдістерін меңгеру.

4) Кәсіби күйзелісті алдын алу және эмоционалды саулықты қолдау стратегияларын үйрету.

5) Рефлексивтік практикаларды, өзін-өзі реттеу және стресс-менеджмент дағдыларын қалыптастыру.

6) кәсіби тәжірибені талдау және бағалау барысында рефлексивтік және танымдық міндеттерді құрастыру дағдыларын қалыптастыру.

Күтілетін нәтижелер.

Курс аяқталғаннан кейін тыңдаушылар:

1) Кәсіби рефлексияның мәнін түсінеді және күнделікті тәжірибесінде қолдана алады.

2) Эмоционалды күйзеліс белгілерін анықтап, алдын алу стратегияларын пайдаланады.

3) Эмоционалды интеллектін дамытып, өзін-өзі реттеу дағдыларын меңгереді.

4) Командалық жұмыс пен ата-аналармен қарым-қатынас кезінде эмоцияны тиімді басқарады.

Ұйымдастыру формалары

- Дәрістер мен интерактивті семинарлар.
- Вебинарлар және онлайн-консультациялар.
- Топтық және жеке практикалық жұмыстар.
- Педагогикалық тәжірибені талқылау алаңдары.

Мониторинг және бағалау

- Курстан кейінгі посткурстық қолдау (консультациялар, вебинарлар).
- Жыл сайынғы мониторинг арқылы кәсіби даму нәтижелерін бағалау.
- Педагогтардың тәжірибесін жинақтау және тарату.

5. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАЗМҰНЫ

Бағдарлама құрылымдық жағынан сәйкес келеді, өйткені оның негізгі құрамдас бөліктері арасындағы тығыз байланысты көрсетеді, атап айтқанда: күтілетін нәтижелер мақсаттармен, міндеттермен, мазмұнымен, оқыту және бағалау процестерімен байланысты.

Эмоционалды күйзелістің алдын алу мен рефлексиялық дағдыларды дамыту

мектепке дейінгі білім беру ұйымы педагогтерінің тәрбие–білім беру үдерісінің барлық негізгі кезеңдерінде: жоспарлау барысында, оқу іс-әрекеті кезінде, іс-әрекеттен кейінгі талдау сәтінде, кәсіби қарым-қатынас пен өзін-өзі дамыту үдерісінде жүйелі түрде жүзеге асырылуы тиіс. Бұл педагогтың эмоциялық тұрақтылығын сақтауға және кәсіби қызмет сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Бағдарлама жоспары (80 сағат)

№	Сабақтың тақырыбы	Күндізгі/қашықтықтан оқыту					Барлығы
		Семинар	Практикалық сабақ	КТС	Қорытынды қорғау	Тестілеу	
Модуль 1. Мектепке дейінгі ұйым педагогінің кәсіби рефлексиясы (2 с.)							
1.1	Мектепке дейінгі ұйым педагогінің кәсіби рефлексиясы: түсінігі мен түрлері	1					1
1.2.	Мектепке дейінгі білім беру ұйымындағы нормативтік-құқықтық актілер және педагогтің кәсіби жауапкершілігі	1					1
Модуль 2. Мектепке дейінгі білім беру ұйымы педагогтерінің рефлексиялық дағдыларын дамыту әдістері (6 с.)							
2.1	Мектепке дейінгі білім беру ұйымы педагогтерінің рефлексиялық күнделік жүргізуі	2					2
2.2	Кейс-стади және практикалық жағдайларды талдау (функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған танымдық міндеттер негізінде)		2				2
2.3	Коллегиалды талдау және пікір алмасу	2					2
Модуль 3. Мектепке дейінгі білім беру ұйымы педагогтерінің эмоционалды күйзелісінің психологиялық механизмдері (34)							
3.1	Мектепке дейінгі білім беру ұйымы педагогтерінің эмоционалды күйзеліс түсінігі	2	4				6
3.2	Эмоциялық қажудың педагогикалық практикадағы көрінісі (танымдық міндеттер арқылы кәсіби жағдайларды талдау)	2	4	4			10

3.3	Мектепке дейінгі білім беру ұйымы педагогтерінің эмоционалды күйзелісінің когнитивтік, эмоциялық және мотивациялық механизмдері	4	4				8
3.4	Әлеуметтік-психологиялық факторлар (қарым-қатынас, қолдау, коллаборация, оқшаулану)	2	2	4			8
Онлайн кеңес беру							
Тестілеу						2	2
Модуль 4. Мектепке дейінгі білім беру ұйым педагогтерінің эмоционалды күйзелісінің алдын алу жолдары (24 с.)							
4.1.	Мектепке дейінгі білім беру ұйым педагогтерінің эмоциялық қажу себептері	2	4				6
4.2	Мектепке дейінгі білім беру ұйым педагогтерінің эмоционалды күйзелісін алдын алу жолдары	2	4				6
4.3	Копинг-стратегиялар (бейімделген және бейімделмеген түрлері)	2	4				6
Қорытынды жұмысты қорғау					6		6
Онлайн кеңес беру							
Модуль 5. Мектепке дейінгі білім беру ұйымы педагогтерінің кәсіби әл-ауқатын қолдау (14 с.)							
5.1	Мектепке дейінгі білім беру ұйымы педагогтерінің күйзеліске тұрақтылығын қалыптастыру жолдары.	2	2				4
5.2	Әріптестік ортадағы психологиялық қолдау	2			6		8
5.3	Кәсіби мотивацияны сақтау жолдары		2				2
Барлығы		26	32	8	12	2	80

1 модуль «Мектепке дейінгі ұйым педагогінің кәсіби рефлексиясы»

Бұл модуль мектепке дейінгі ұйым педагогінің кәсіби рефлексиясының мәні, мазмұны және құрылымын теориялық жағынан түсіндіруге бағытталған. Рефлексия педагогтың өз кәсіби әрекетін талдау, бағалау, жетілдіру және саналы шешім қабылдау дағдысын қалыптастыратын негізгі метакомпетенция болып табылады. Модуль аясында рефлексияның психологиялық-педагогикалық негіздері, оның түрлері мен функциялары, педагог қызметінің сапасын арттырудағы рөлі қарастырылады. Сонымен қатар, модульде ҚР «Білім туралы» Заңы, «Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты» (МЖМБС), «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы», «Лауазымдық нұсқаулықтар», «Этика кодексі» талданады.

Модуль теориялық түсініктерді практикалық қолданумен біріктіре отырып, педагогтерға рефлексивтік мәдениетті қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Модульдің міндеті:

1) Мектепке дейінгі ұйым педагогінің кәсіби рефлексия ұғымын ғылыми негізде түсіндіру және педагогикалық қызметтегі маңызын ашу.

2) Мектепке дейінгі ұйым педагогінің рефлексия түрлерін (жеке, кәсіби, тұлғалық, коммуникативтік) ажырата білуге үйрету.

3) Мектепке дейінгі ұйым педагогінің рефлексиясының функциялары мен механизмдерін, педагогикалық әрекетке ықпалын талдау.

4) Мектепке дейінгі ұйым педагог қызметіндегі рефлексиялық мәдениеттің құрылымы мен қалыптасу кезеңдерін көрсету.

5) Теориялық білімді практикада қолдануға мүмкіндік беретін рефлексивтік тапсырмалар ұсынып, практикалық ойлауды дамыту.

Күтілетін нәтиже:

1) Мектепке дейінгі ұйым педагогінің кәсіби рефлексияның теориялық негіздерін меңгереді және оны педагогикалық контексте түсіндіре алады.

2) Өз кәсіби әрекетіне сыни көзқараспен қарау, талдау және өзіндік бағалау дағдыларын қалыптастырады.

3) Рефлексияның педагогтің кәсіби дамуы мен эмоционалды саулығына әсерін түсінеді.

4) Өзінің күшті және әлсіз жақтарын анықтап, кәсіби өсу траекториясын жоспарлай алады.

Модуль 2 «Мектепке дейінгі білім беру ұйымы педагогтерінің рефлексиялық дағдыларын дамыту әдістері»

Бұл модуль мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің рефлексиялық дағдыларын жүйелі түрде қалыптастыруға және жетілдіруге бағытталған. Педагогикалық рефлексия тек кәсіби әрекетті талдау ғана емес, сонымен қатар шешім қабылдауға, кәсіби өсуге, эмоциялық тұрақтылыққа ықпал ететін маңызды метакогнитивтік құзыреттілік болып табылады. Модульде рефлексияны дамытуға арналған заманауи әдістер мен құралдар: рефлексиялық күнделік, бақылау және өзін-өзі бақылау, сұрақ-жауап практикалары, кейс-талдау, видео-талдау, кері байланыс, коучинг және супервизия элементтері қарастырылады. Тыңдаушылар осы әдістерді тәжірибеде қолдануды үйренеді және өз кәсіби әрекетін талдауды күнделікті жұмыс мәдениетіне айналдыруға мүмкіндік алады. Практикалық сабақтарда тыңдаушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған танымдық міндеттер (кейс талдау, проблемалық жағдаяттар, рефлексивтік тапсырмалар) қолданылады.

Модульдің міндеті:

1) Мектепке дейінгі білім беру ұйымы педагогтерінің рефлексиялық дағдыларын дамытуға арналған тиімді әдістер мен технологиялар туралы теориялық білім беру.

2) Мектепке дейінгі ұйым педагогінің кәсіби әрекетін талдау, бағалау және жоспарлау үшін рефлексиялық құралдарды қолдану дағдысын қалыптастыру.

3) Мектепке дейінгі білім беру ұйымы педагогтерінің рефлексиялық күнделік, кейс-талдау, видео-талдау, сұрақ қою техникасын практикада қолдануды үйрету.

4) Рефлексия процесінде өзін-өзі бақылау, өзін-өзі бағалау және кері байланыс алудың маңызын түсіндіру.

5) Жеке және командалық рефлексия жүргізуге қажетті коммуникативтік дағдыларды дамыту.

Күтілетін нәтиже:

1) Мектепке дейінгі ұйым педагогінің рефлексиялық дағдыларын дамытудың негізгі әдістерін біледі және түсіндіре алады.

2) Өзін-өзі бақылау, өзін-өзі талдау, өзін-өзі бағалау құралдарын практикалық қызметте қолданады.

3) Мектепке дейінгі ұйым педагогі жұмыс барысында кездесетін кәсіби қиындықтарды талдап, тиімді шешім жолдарын таба алады.

4) Командалық рефлексия, кері байланыс беру және алу дағдыларын меңгеріп, ұжымда тиімді қарым-қатынас орнатады.

Модуль 3 «Мектепке дейінгі білім беру ұйымы педагогтерінің эмоционалды күйзелісінің психологиялық механизмдері»

Бұл модуль мектепке дейінгі ұйым педагогтерінде жиі кездесетін эмоционалды күйзелістің (стресс, эмоционалды қажу, бёрнаут) психологиялық механизмдерін терең түсіндіруге бағытталған. Эмоционалды күйзеліс – ұзақ мерзімді психоэмоциялық жүктеме, рөлдік қайшылықтар, шамадан тыс талаптар және әлеуметтік-кәсіби қысым нәтижесінде пайда болатын күрделі психикалық процесс.

Модульде стрессогендік факторлар, олардың психикаға әсер ету ерекшеліктері, физиологиялық және когнитивтік реакциялар, эмоцияларды реттеу қиындығы, педагогтың тұлғалық ерекшеліктерінің күйзеліске бейімділігі сияқты негізгі аспектілер қарастырылады. Тыңдаушылар эмоционалды күйзелістің қалыптасуын, оның кезеңдерін және мінез-құлықтық көріністерін түсініп, алдын алу тәсілдерін жүйелі меңгереді.

Модуль міндеті:

1) Мектепке дейінгі білім беру ұйымы педагогтерінің эмоционалды күйзелісінің (стресс, эмоционалды қажу, бёрнаут) психологиялық механизмдерін ғылыми негізде түсіндіру.

2) Мектепке дейінгі ұйым педагог қызметіндегі стрессогендік факторларды анықтауға және талдауға үйрету.

3) Мектепке дейінгі білім беру ұйымы педагогтерінің эмоционалды күйзеліс кезінде пайда болатын физиологиялық, когнитивтік және мінез-құлықтық реакцияларды айқындау және түсіндіру.

4) Мектепке дейінгі білім беру ұйымы педагогтерінің тұлғалық ерекшеліктер мен эмоционалды күйзеліс арасындағы байланысты ашу (эмоционалды тұрақтылық, өзін-өзі реттеу деңгейі).

5) Мектепке дейінгі білім беру ұйымы педагогтерінің эмоционалды күйзелісін алдын алу мақсатында бейімделу (копинг) механизмдерін, қорғаныс тәсілдерін талдау.

Күтілетін нәтиже:

Модуль аяқталғаннан кейін тыңдаушылар:

1) Мектепке дейінгі білім беру ұйымы педагогтерінің эмоционалды күйзелісінің психологиялық механизмдерін жан-жақты түсінеді және ғылыми тұрғыдан сипаттай алады.

2) Мектепке дейінгі ұйым педагогінің кәсіби қызметінде кездесетін стрессогендік факторларды анықтайды және талдайды.

3) Мектепке дейінгі білім беру ұйымы педагогтерінің күйзелісі кезінде пайда болатын физиологиялық, когнитивтік және мінез-құлықтық реакцияларды ажырата алады.

4) Мектепке дейінгі білім беру ұйымы педагогтерінің кәсіби күйзелісінің алдын алуға арналған тиімді копинг-стратегияларды, өзін-өзі реттеу әдістерін таңдап және қолдана алады.

5) Өз эмоционалды ресурстарын сақтау жолдарын меңгеріп, эмоционалды тұрақтылығын арттыруға дайын болады.

Модуль 4 «Мектепке дейінгі білім беру ұйымы педагогтерінің эмоционалды күйзелісінің алдын алу жолдары»

Бұл модуль мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің эмоционалды күйзелісті (эмоционалды шаршау, күйіп кету, стресс) алдын алу үшін тиімді психологиялық, ұйымдастырушылық және тұлғалық стратегияларды меңгеруіне бағытталған.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымы (МДББҰ) педагогтерінің эмоциялық қажуы **себептері**: кәсіби қызметке байланысты себептері, ұйымдастырушылық-факторлар себептері, әлеуметтік-психологиялық себептер, жеке тұлғалық себептер, қазіргі заман талаптарына байланысты себептер қарастырылады.

Модуль кәсіби қызмет барысында күйзелістің ерте белгілерін тану, эмоцияларды басқару, өзін-өзі қалпына келтіру әдістерін қолдану, жұмыс пен жеке өмір арасындағы теңгерімді сақтау, кәсіби әл-ауқатты қолдау тәсілдерін үйретеді.

Модульдің міндеті:

1) Мектепке дейінгі білім беру ұйымы (МДББҰ) педагогтерінің эмоционалды күйзелісінің алдын алу ұғымын және оның педагогикалық қызметтегі маңызын түсіндіру.

2) Мектепке дейінгі білім беру ұйымы (МДББҰ) педагогтерінің эмоциялық қажуы себептерін анықтау;

3) Мектепке дейінгі білім беру ұйымы (МДББҰ) педагогтерінің күйзелісінің ерте белгілерін бақылау және өзіндік диагностика жүргізу дағдыларын қалыптастыру.

4) Стресті басқарудың психологиялық әдістерін (релаксация, тыныс алу жаттығулары, когнитивті қайта құрылымдау, эмоционалды реттеу техникасы) үйрету.

5) Эмоциялық тұрақтылықты арттыруға бағытталған тұлғалық ресурстарды анықтау және дамыту.

6) Жұмыс орнындағы қолайлы психологиялық климатты қалыптастыру және кәсіби қолдау жүйелерін (менторлық, командалық қолдау) қолдануға үйрету.

Күтілетін нәтиже:

Курс тыңдаушылары 4 модульді бітіргеннен кейін:

1) мектепке дейінгі білім беру ұйымы (МДББҰ) педагогтерінің эмоционалды күйзелісінің алдын алу принциптері мен тәсілдерін түсінеді;

2) мектепке дейінгі білім беру ұйымы (МДББҰ) педагогтерінің күйзелісінің ерте белгілерін тану және өзін-өзі бақылау әдістерін қолдана алады;

3) стресс пен эмоцияны басқарудың психологиялық жаттығуларын өз тәжірибесінде қолдануды меңгереді;

5) жұмыс барысында эмоционалды тұрақтылықты сақтай алады;

6) командалық қолдау, кәсіби қарым-қатынас және рефлексия арқылы күйзелістің алдын алу стратегияларын жүзеге асырады;

Модуль 5 «Мектепке дейінгі білім беру ұйымы педагогтерінің кәсіби әл-ауқатын қолдау»

Бұл модуль мектепке дейінгі ұйым педагогтарының кәсіби әл-ауқатын сақтауға және дамытуға бағытталған. Педагогтің эмоционалды, психологиялық және кәсіби ресурстарын қолдаудың заманауи тәсілдері қарастырылады.

Модульде кәсіби өзін-өзі басқару, мотивацияны сақтау, психологиялық қауіпсіз орта құру, жұмыс-жеке өмір теңгерімін реттеу, кәсіби қолдау жүйелері (супервизия, менторлық, командалық қолдау) сынды аспектілер қамтылады. Тыңдаушылар педагогтың кәсіби денсаулығын қорғау мен ұзақ мерзімді кәсіби тиімділікті қамтамасыз ету стратегияларын меңгереді.

Модуль міндеті:

Курс тыңдаушылары 5 модульді бітіргеннен кейін:

1) Мектепке дейінгі ұйым педагогының кәсіби әл-ауқатының мазмұны, құрылымы және оның кәсіби қызметке әсерін түсіндіру.

2) Кәсіби әл-ауқатқа ықпал ететін сыртқы (ұйымдастырушылық, әлеуметтік) және ішкі (эмоциялық, тұлғалық) факторларды талдау.

3) мектепке дейінгі білім беру ұйымы (МДББҰ) педагогтерінің кәсіби мотивациясын қолдау және эмоционалды ресурстарды тиімді басқару дағдыларын қалыптастыру.

4) мектепке дейінгі білім беру ұйымы (МДББҰ) педагогтерінің кәсіби денсаулығын сақтауға бағытталған психологиялық әдістерді (релаксация, майндфулнесс, өзін-өзі реттеу) үйрету.

5) Жұмыс орнындағы қолайлы психологиялық климатты құрудың жолдарын көрсету.

6) мектепке дейінгі білім беру ұйымы (МДББҰ) педагогтерінің кәсіби әлауқатын сақтауға арналған жеке траектория немесе жеке ресурс картасын әзірлеуге жағдай жасау.

Күтілетін нәтиже:

1) мектепке дейінгі білім беру ұйымы (МДББҰ) педагогтерінің кәсіби әлауқатының теориялық негіздерін түсінеді;

2) мектепке дейінгі білім беру ұйымы (МДББҰ) педагогтерінің кәсіби әлауқатқа әсер етуші факторларды талдай алады;

3) мотивация мен эмоционалды ресурстарды тиімді басқару дағдыларын қолданады;

4) мектепке дейінгі білім беру ұйымы (МДББҰ) педагогтерінің кәсіби денсаулықты сақтау үшін психологиялық өзін-өзі реттеу әдістерін қолданады;

5) өзінің кәсіби әлауқатын нығайтуға арналған жеке даму жоспарын жасай алады.

6. ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

«Мектепке дейінгі ұйым педагогының кәсіби рефлексиясы мен эмоциональды күйзелістің алдын алу» біліктілікті арттыру курсы Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары педагогтары үшін оқу-тақырыптық жоспарға сәйкес **офлайн форматта** ұйымдастырылады.

Курстың жалпы көлемі – **80 академиялық сағат**, 2 оқу аптасына есептелген.

Оқу үдерісін ұйымдастыру ересектерді оқытудың заманауи тәсілдеріне, белсенді, тәжірибеге бағытталған және әрекетке негізделген оқыту қағидаттарына сүйенеді. Курс ұлттық білім беру басымдықтарына және мектепке дейінгі білім сапасын халықаралық стандарттар бойынша бағалау талаптарына сәйкес тиімді оқыту әдістерін қолдану арқылы құрылған.

Оқу процесіне мынадай заманауи педагогикалық әдістер мен тәсілдер енгізілген:

1. Интерактивті оқыту

– топтық жұмыс формаларын қолдану, миға шабуыл, шағын топтардағы талқылау, мектепке дейінгі практикадағы нақты жағдайларды (кейс) талдау.

2. Тәжірибе арқылы оқыту

– тыңдаушылар дамытушы пәндік-кеңістіктік ортаны жобалау, ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспарларын құрастыру, баланың жеке даму карталарын әзірлеу сияқты тапсырмаларды орындайды.

3. Кейс-әдіс

– инклюзивті тәжірибеге, баланың бастамасын қолдауға, ата-анамен өзара әрекеттесуге, мінез-құлықтағы қиындықтарға байланысты нақты педагогикалық жағдайларды талдау.

4. Коллаборативті оқыту

– жұппен және шағын топтарда бірлескен білім беру жобаларын орындау, педагогикалық жағдайларды модельдеу, қатысушылар арасында тәжірибе алмасу.

5. Мәселелік-диалогтық оқыту

– педагогикалық ойлауды, рефлексияны және мектепке дейінгі бағдарламалар шеңберінде шешім іздеу дағдыларын ынталандыратын проблемалық сұрақтар қою.

6. Теория мен практиканы интеграциялау

– әр модульде тыңдаушылар нормативтік құжаттарды талдап, алған білімдерін педагогикалық сценарийлер мен үлгілерді әзірлеуде қолданады.

7. Қалыптастырушы бағалау

– тренерлер мен әріптестер тарапынан тұрақты кері байланыс, өзін-өзі бағалау және оқыту нәтижелерін өзара бағалау.

Цифрлық құралдар мен ресурстар

Курс аясында педагогтардың цифрлық сауаттылығын арттыруға бағытталған цифрлық платформалар мен құралдар қолданылады:

- **Google Workspace (Docs, Slides, Forms)** – бірлескен жұмыс және сауалнама жүргізу

- **Kahoot, Quizizz** – интерактивті тестілеу

- **Padlet, Miro** – идеяларды визуализациялау және топтық талқылау

- **Видеоаналитика және әдістемелік бейнематериалдар** – нақты педагогикалық өзара әрекеттесуді талдау

Білімді бақылау және бағалау түрлері

1. **Практикалық тапсырмалар** – орта, жоспарлар, қарым-қатынас жағдайлары сияқты білім беру процесінің компоненттерін талдау және әзірлеу.

2. **Жобалық жұмыс** – мектепке дейінгі ұйым қызметінің нақты аспектісін дамытуға бағытталған шағын жоба дайындау (мысалы, инклюзия, оқытуды жекелеңдіру).

3. **Презентациялар және жобаны қорғау** – жұмыс нәтижелерін жария түрде таныстырып, талқылау.

4. **Рефлексия және өзін-өзі бағалау** – оқу барысындағы кәсіби өсуін талдау.

5. **Тестілеу** – курстың негізгі мазмұндық блоктары бойынша аралық немесе қорытынды тест.

Осылайша, курс практикалық бағыттылығымен, заманауи тиімді оқыту формаларымен және цифрлық құралдарды қолданумен ерекшеленеді. Бұл педагогтардың кәсіби өсуіне және мектепке дейінгі бағдарламалардың барлық түрін жаңартылған мазмұнда жүзеге асыруға дайын болуына жағдай жасайды.

7. БАҒДАРЛАМАНЫ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі курстың барлық модульдерінің мазмұнын кешенді меңгеруге, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламаларын іске асыру бойынша педагогтардың кәсіби құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған. Бұл қамтамасыз ету заманауи тәсілдерді, халықаралық стандарттарды және тиімді педагогикалық практикаларды қамтиды.

Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету құрамына кіреді:

1. Біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы – мақсаттар, міндеттер, мазмұн, күтілетін нәтижелер және бақылау формаларын қамтиды.
2. Лекциялық және практикалық сабақтардың әдістемелік материалдары – презентациялар, кестелер, сызбалар, бейнематериалдар, әдістемелік ұсынымдар.
3. Таратпа және анықтамалық материалдар:
 - дамытушы пәндік-кеңістіктік ортаны құруға арналған чек-парақтар;
 - ұйымдастырылған оқу қызметін жобалау алгоритмдері;
 - баланың жеке даму маршрутының үлгілері;
 - білім беру міндеттерінің жас ерекшеліктеріне сәйкестік кестелері.
4. Практикалық-бағдарлы тапсырмалар (жеке және топтық):
 - вариативтілік пен қолжетімділік қағидаттарына негізделген ортаны жобалау;
 - ұйымдастырылған оқу қызметінің сценарийлерін әзірлеу;
 - инклюзивті және жекелендірілген білім беру жағдайларын модельдеу;
 - ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмысты жоспарлау.
5. Диагностикалық және рефлексивтік құралдар:
 - кәсіби құзыреттер деңгейінің кіріс және қорытынды диагностикасы;
 - өзін-өзі бағалау анкеталары;
 - рефлексивтік карталар (модульге дейін / кейін);
 - бейнеситуацияларды талдау үшін бақылау парақтары.
6. Қорытынды бақылау материалдары:
 - әдістемелік жобаны (сценарий, модель, жоспар немесе технология) әзірлеу және қорғау;

- педагогикалық шешімдер мен тәжірибелерді презентациялау;
- курстың негізгі тақырыптары бойынша тестілеу.

8. ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ

Тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау сабақтарды өткізу процесінде де – қалыптастырушы бағалау арқылы да, курсты аяқтағаннан кейін де оның мақсаттары, міндеттері мен күтілетін нәтижелері негізінде бағдарламаны әзірлеуші айқындайтын нысанда жүргізіледі.

Қалыптастырушы бағалау аралық бақылау және білім мен дағдыларды түзету үшін қолданылады. Ол практикалық тапсырмаларды орындау, тапсырмаларды шешу, сабақ фрагментін жобалау, тапсырмалар жүйесі түрінде жүзеге асырылады. Тапсырмалар, орындау бойынша ұсыныстар, орындау мысалдары, өзін-өзі тексеруге арналған стандарттар, тапсырмаларды бағалау критерийлері біліктілікті арттырудың білім беру бағдарламасының оқу-әдістемелік кешеніне кіреді.

Тапсырмаларды орындау кезінде тыңдаушыларға топтық нысанда және жеке сұраулар бойынша кеңес беру қамтамасыз етіледі.

Мұғалім тыңдаушылардың кестеге сәйкес тапсырмаларды орындауын бақылайды, жақсартудың орындары мен тәсілдерін көрсете отырып, толық кері байланыс береді.

Өзіндік жұмыс практикалық тапсырмаларды жоғары деңгейде орындауға, бірқатар дәйекті әрекеттерді жүзеге асыруға бағытталған: жоспарлар құру, оқушыға күрделі тақырыпты түсіндіру кезінде іс-қимыл алгоритмін түсіндіру, өз бетінше таңдау, тапсырмалар, жаттығулар, шағын тренажерлар, оқушыларға арналған тесттер зерттелетін тақырып аясында. Жиынтық бағалау демо-сабақ, жоба, қорытынды тестілеу және т.б. түрінде жүргізілуі мүмкін. Мысалы, қорытынды тестілеуді өткізу үшін модульде оқылатын әрбір тақырыпқа 15-20 тапсырмадан тұратын тапсырмалар банкі әзірленеді.

Тыңдаушы 24 тест тапсырмасынан, әр тақырып бойынша 3-4 тапсырмадан тұратын тест тапсырады. Тапсырмаларды таңдау кездейсоқ түрде жүзеге асырылады.

Тест тапсырмаларының құрылымы

№	Негізгі модуль тақырыптарының атауы	Сағат саны	Тыңдаушыға арналған тесттегі сұрақтар саны	Сынақ банкіндегі сұрақтар саны
1	Тақырып 1.1. Мектепке дейінгі ұйым педагогінің кәсіби рефлексиясы: түсінігі мен түрлері	14	3	15

2	Тақырып 2.2. Кейс-стади және практикалық жағдайларды талдау	14	3	15
3	Тақырып 3.1 Мектепке дейінгі білім беру ұйымы педагогтерінің эмоционалды күйзеліс түсінігі	14	3	15
4	Тақырып 3.3 Мектепке дейінгі білім беру ұйымы педагогтерінің эмоционалды күйзелісінің когнитивтік, эмоциялық және мотивациялық механизмдері	12	3	15
5	Тақырып 4.1 Мектепке дейінгі білім беру ұйым педагогтерінің эмоциялық қажу себептері	12	4	20
6	Тақырып 4.2 Мектепке дейінгі білім беру ұйым педагогтерінің эмоционалды күйзелісін алдын алу жолдары	8	4	20
7	Тақырып 5.1 Мектепке дейінгі білім беру ұйымы педагогтерінің күйзеліске тұрақтылығын қалыптастыру жолдары.	12	4	20
	БАРЛЫҒЫ		24	120

Ұпайларды бағаға түрлендіру шкаласы

Бағасы	Орындалуы %	Балы
5	90%-100%	21-24
4	75-89%	18-20
3	50-74%	12-17
2	50% дан төмен	12 ден төмен

Тыңдаушыларды бағалау шкаласы

Бағалау түрі		Бағалау компоненттері	%	Балы	Қорытынды баға (%)
Қатысуы		-	10	10	10
Қалыптастырушы бағалау	Тыңдаушы әрекеті (20)	Сабактың әртүрлі кезеңдеріндегі белсенділік Топтағы басқа тыңдаушылармен өзара алмасу	5	5	40

		Сабақтың әртүрлі кезеңдеріндегі белсенділік топтағы басқатындаушылармен өзара алмасу	5	5	
		Жауаптылық	5	5	
		Жаңа идеяларды/ шешімдерді ұсыну	5	5	
	Практикалық жұмыс (20)	Жеке/жұптық/топтық жұмысы (ТӨЖ және қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын орындау)	10	10	
		Кейс талдау/ жағдаяттық есептерді шешу/ сабақ фрагментін құрастыру/ эссе	10	10	
Жиынтық бағалау		Қорытынды жұмыс (жоба, демонстрациялық сабақ, мектепті дамыту бағдарламасы және т.б.)	10	9-10	10
				7-8	
				5-6	
		Қорытынды тест	40	21-24	40

Қорытынды бағалау түрлері

- Жобалық жұмыс немесе әдістемелік әзірлемені қорғау және сараптамалық кері байланыс алу.
- Курстың барысында жүргізілген жеке сұхбат немесе портфолио бағасы.
- Педагогикалық шеберлік сабағына/білім беру жағдайын демонстрациялауға қатысу.
- Рефлексивтік карта мен өзін-өзі бағалау анкетасын толтыру.

9. КУРСТАН КЕЙІНГІ ҚОЛДАУ

Курстан кейінгі қолдау бағдарламасы курс барысында қалыптасқан кәсіби құзыреттерді қолдауға және дамытуға, сондай-ақ оларды педагогтің күнделікті тәжірибесінде тиімді қолдануды қамтамасыз етуге бағытталған.

Біліктілікті арттыру курсынан кейін мектепке дейінгі ұйым педагогтары **жеке жоспарларын** әзірлейді. Онда SMART қағидаттарына негізделген мақсаттар белгіленіп, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламаларының мазмұнын жүзеге асыру әдістерін жетілдіру жолдары көрсетіледі. Жоспар педагогтың кәсіби өсуінің басым бағыттарын және алынған білімді балалармен ұйымдастырылған қызметке енгізу тетіктерін қамтиды.

1-кезең. Әдістемелік қолдау

Курстан кейінгі қолдаудың алғашқы кезеңінде педагогтарға әдістемелік көмек онлайн-кеңестер, электрондық хаттар, мессенджерлер және қашықтықтан өзара әрекеттесу платформалары арқылы көрсетіледі.

Бұл кезеңде тыңдаушылар кәсіби міндеттер мен қажеттіліктерін ескере отырып, жеке әрекет жоспарларын жетілдіре алады.

2-кезең. Тереңдетілген кәсіби сүйемелдеу

Екінші кезеңде педагогтарға мына бағыттар бойынша кеңейтілген қолдау көрсетіледі:

- білім беру қызметін жоспарлау;
- дамытушы пәндік-кеңістіктік ортаны ұйымдастыру;
- инклюзивті тәсілді іске асыру;
- білім беру процесін жекелендіру.

Бұл кезеңде Lesson Study және Action Research форматындағы зерттеушілік қызметке ерекше көңіл бөлінеді.

Курс жетекшісі педагогтарды практикалық бастамаларды жүзеге асыру барысында әдістемелік және цифрлық ресурстармен қамтамасыз етіп, кәсіби кеңес береді.

3-кезең. Педагогтердің кәсіби өсуін мониторингтеу

Үшінші кезеңде педагогтердің кәсіби дамуы қадағаланып, жаңа тәсілдерді тиімді жүзеге асырған тыңдаушылардың тәжірибесі жиналып, талданады. Курстан кейінгі қолдау аясында педагогтардың:

- тәжірибе алмасу іс-шараларына қатысуы,

- салалық әдістемелік басылымдарда мақалалар жариялауы,
- педагогикалық шеберлік конкурстарына қатысуы қолдау табады.

Озық идеяларды тарату және инновациялық тәжірибені жинақтау семинарлар, конференциялар және жарияланымдық белсенділік арқылы жүзеге асырылады.

Біліктілікті арттыру курсы аяқтаған педагогтарды курстан кейінгі қолдау түрлері

№	Посткурстық қолдау іс-шаралары	Өткізу формасы	Жауаптылар
1	SMART-мақсаттармен жеке жоспар құру	Курстың соңғы күні	Курстың тренері
2	Іс-әрекет жоспарын түзету және даму бағыттарын таңдауға арналған консультациялар	Вебинар-консультация	Курстың тренері
3	Мектепке дейінгі білім беру бағдарламаларын іске асырудың өзекті мәселелері бойынша әдістемелік вебинарлар өткізу	Вебинар	Курстың тренері
4	Бағдарламаны іске асыру барысында туындайтын қиындықтарды жинақтау және талдау	Онлайн-сауалнама, вебинар	Курстың тренері
5	Педагогтардың кәсіби конкурстарға және педагогикалық шеберлік байқауларына қатысуы	Конкурстар, олимпиадалар	Курстың белсенді тыңдаушылары
6	Ақпараттық қолдау (жаңалықтар, нормативтік актілердегі өзгерістер, цифрлық ресурстар)	Пошта және интернет тарату, мессенджерлер	Тренер, белсенді тыңдаушылар
7	Тәжірибелі педагогтардың табысты тәжірибесін зерттеу және тарату	Вебинарлар, семинарлар	Курстың белсенді тыңдаушылары
8	Педагогтардың әдістемелік журналдарда, білім беру сайттарында жарияланымдары	Жарияланымдар	Курстың белсенді тыңдаушылары
9	Табысты тәжірибелермен алмасу іс-шараларын өткізу	Конференциялар, семинарлар (вебинарлар)	Курстың белсенді тыңдаушылары
10	Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде педагогтардың инновациялық тәжірибесін жинақтау және тарату	кәсіби жетістіктерді талдау, мониторинг	Тренер, белсенді тыңдаушылар

Қурстан кейінгі қолдаудың тиімділігін мониторингілеу 3 жыл бойы — жылына 1 рет — жүргізіледі. Оның мақсаты: әдістемелік жаңалықтардың енгізілуін қадағалау, кәсіби дамудың жеке жоспарларын іске асыру, сондай-ақ табысты педагогикалық тәжірибені насихаттау және тарату.

10. ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Негізгі әдебиеттер тізімі

1. Егенисова, А.Қ. Жас ерекшелік психологиясы: оқу құралы / А.Қ. Егенисова; Рец: Мұханбетжанова А.У.- Ақтау: КУТИ, 2024.- 274 б.
2. Нығыметова Қ.Н. Балалар психологиясы. Оқулық, Алматы., Альманахь, 2021,333б.
3. Воробьева Н.А.. Обоева С.В. Теоретические основы дошкольного образования . Учебник. Москва. Академия. 2022. 208с.
4. Мирза, Н.В. Кәсіби-педагогикалық қарым-қатынас [Мәтін]: оқу құралы / Н.В. Мирза, Р.Б. Маженова.- Алматы: Alem book, 2024.- 212 б.
5. Ельшибаева К.Г. Педагогтардың кәсіби-эмоциялы «күйреуінің» психологиялық алдын алу:әдістемелік құрал. –Алматы:Альманахь,2022. -63б.
6. Майерс, Д. Әлеуметтік психология [Мәтін]: оқулық ағылшын тіл. аударма / Д. Майерс, Ж. Туенж; ред. алқаның төрағасы: Тәжин М.М.тб.- 12 бас.- Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018.- 648б
7. Хэссон, Д. Развитие эмоционального интеллекта: Подсказки, советы, техники [Текст]: пер.с англ. / Д. Хэссон.- Москва: Альпина Паблишер, 2019.- 127 с.
8. Кабакова, М.П. Горишь на работе? Психологическая помощь при эмоциональном выгорании [Текст]: учебно-методическое пособие / М.П. Кабакова, З.М. Садвакасова, М.М. Нуртаева.- Алматы: Қазақ университеті, 2023.- 92 с BD-GROUP 8 от 12.05.2025
9. Гоулман Д. Эмоциональный интеллект. Почему он может значить больше, чем IQ. / пер. с англ. А.П. Исаевой . - 4-е изд. - М.: Манн, Иванов и Фербер, 2016. - 544 с. - ISBN 978-5-00057-915-2.<https://rmebrk.kz/book/1179852>

Қосымша әдебиеттер тізімі

1. Закон Республики Казахстан «Об образовании» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 2024 г.).
2. Государственный общеобязательный стандарт дошкольного воспитания и обучения (Приказ МОН РК № 348 от 15.07.2022 г.).
3. Типовая учебная программа дошкольного воспитания и обучения (утверждена Приказом МОН РК № 381 от 24.08.2022 г.).
4. Постановление Правительства. Концепция инклюзивной политики в Республике Казахстан до 2030 года (утв. 2024 г.).
5. Артемова Л.В. Инклюзивное образование в ДО: теория и практика. – М.: Академкнига, 2021.
6. Педагогика инклюзивного образования. Учебник. Под ред. Н.М.Назаровой. Москва. ИНФРА-М. 2024. 335с.
7. Егенисова А.Қ. Балаларды мектеп оқуына психологиялық дайындау Егенисова А.Қ. Балаларды мектеп оқуына психологиялық дайындау:монография- 2023.,101 б.
8. Осипова Л.Б. Дружинина Л.А. Власова О.И. Стахеева Ю.Ю. Развитие предметных предствалений у детей дошкольного возраста с нарушениями зрения в

процессе творческого конструирования в условиях инклюзивного образования. Уч.мет.пособие. Москва. ИНФРА-М. 2023. 158с.

9. Нығыметова Қ.Н. Балалар психологиясы :оқулық.-Алматы: Альманахь,2021.- 333б.

10. Жолдасбеков, А.А. Денсаулық психологиясы [Мәтін]: оқу құралы / А.А. Жолдасбеков, С.К. Примбетова.- Алматы: ЭСПИ, 2024.- 292б. 5 экз.

11. Albin-Clark J, Shirley I, Webster M, Woolhouse C. Relationships in early childhood education—Beyond the professional into the personal within the teacher–child dyad: Relationships ‘that ripple in the pond’. *Early Child Development and Care*. 2016;188(2):88–101. doi: 10.1080/03004430.2016.1220374. [[DOI](#)] [[Google Scholar](#)]

12. Burchinal MR, Cryer D, Clifford RM, Howes C. Caregiver training and classroom quality in child care centers. *Applied Developmental Science*. 2002;6(1):2–11. doi: 10.1207/S1532480XADS0601_01. [[DOI](#)] [[Google Scholar](#)]

13. Cassidy DJ, King EK, Wang YC, Lower JK, Kintner-Duffy VL. Teacher work environments are toddler learning environments: Teacher professional well-being, classroom emotional support, and toddlers’ emotional expressions and behaviours. *Early Child Development and Care*. 2017;187(11):1666–1678. doi: 10.1080/03004430.2016.1180516. [[DOI](#)] [[Google Scholar](#)]

14. Friedman-Krauss AH, Raver CC, Morris PA, Jones SM. The role of classroom-level child behavior problems in predicting preschool teacher stress and classroom emotional climate. *Early Education and Development*. 2014;25(4):530–552. doi: 10.1080/10409289.2013.817030. [[DOI](#)] [[Google Scholar](#)]